

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу рәсімін автоматтандырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 наурыздағы № 113 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің уақытша қағидалары (бұдан әрі – Уақытша қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген құқықтық акт қолданысының аяқталу мерзімі 2018 жылғы 30 маусым болып айқындалсын.

3. Уақытша қағидалар нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу рәсімін автоматтандыру бойынша пилоттық жобаны жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар, Мәдениет және спорт министрліктеріне, Павлодар облысының әкімдіктеріне, мәслихаттарына және Павлодар облысы бойынша тексеру комиссиясына қолданылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігімен және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, ақпараттық жүйелер мен жабдықтарды техникалық сүйемелдеуді, сондай-ақ мемлекеттік органдарда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу рәсімін автоматтандыру бойынша пилоттық жобаны жүргізу кезеңінде электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етсін.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар осы қаулыдан туындастын шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.К. Жұмағалиевке жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2018 жылғы 7 наурыздағы

№ 113 қаулысымен

бекітілген

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің уақытша қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің уақытша қағидаларында (бұдан әрі – Уақытша қағидалар) Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлерінің бүйрықтарын, оның ішінде көрсетілген орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – орталық мемлекеттік органдар) ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бүйрықтарын, сондай-ақ Павлодар облысы мәслихаттарының нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктерінің нормативтік құқықтық қаулыларын, әкімдерінің нормативтік құқықтық шешімдерін, Тексеру комиссиясының (бұдан әрі – жергілікті мемлекеттік органдар) нормативтік құқықтық қаулыларын мемлекеттік тіркеу тәртібі айқындалады.

Осы Уақытша қағидалар "Қызметтік пайдалану үшін" деген белгісі бар нормативтік құқықтық актілерге қолданылмайды.

2-тарау. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібі

2. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе Павлодар облысының Әділет департаментіне бекітілген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Нормативтік құқықтық актіні мұдделі мемлекеттік органдар келіскең жағдайда, көрсетілген акт мұдделі мемлекеттік органдардың соңғысы келіскең күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеуге ұсынылады.

3. Нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің немесе олардың жекелеген нормаларының қолданысын тоқтата тұру туралы нормативтік құқықтық актілер осы Уақытша қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік тіркеуге ұсынылады.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы Уақытша қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады.

4. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе Павлодар облысының Әділет департаментіне электрондық құжат нысанында мемлекеттік органдардың интранет-порталына (бұдан әрі – МОИП) электрондық цифрлық қолтаңбамен күәландырылған мынадай құжаттар ұсынылады:

1) *doc немесе *docx форматындағы ілеспе хат;

2) қазақ және орыс тілдерінде нормативтік құқықтық акті *doc немесе *docx форматында;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 912 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14355 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша анықтама-негіздеме қазақ және орыс тілдерінде *doc немесе *docx форматында;

4) егер нормативтік құқықтық акт жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындылары қазақ және орыс тілдерінде *pdf форматында;

5) нормативтік құқықтық акт азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын жағдайда, қоғамдық кеңес ұсынымы қазақ және орыс тілдерінде *pdf форматында;

6) нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін жағдайда, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесі бар нормативтік құқықтық актінің алдыңғы және жаңа редакциясының салыстырма кестесі қазақ және орыс тілдерінде *doc немесе *docx форматында;

7) нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін атқарушы адам қол қойған жағдайда, тиісті міндеттемелерді жүктеу туралы құжат қазақ және орыс тілдерінде *pdf форматында;

8) жүргізуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген тиісті сараптамалық қорытындылар қазақ және орыс тілдерінде *pdf форматында.

5. Қоса берілетін анықтама-негіздемеге осы актіні шыгарған органның заң қызметінің басшысы, ол болмаған жағдайда органның заң қызметі басшысының міндетін атқарушы адам қол қояды.

Бірлескен нормативтік құқықтық актіні ұсынған жағдайда, қоса берілетін анықтама-негіздемеге оны мемлекеттік тіркеуге ұсынған органның заң қызметінің басшысы, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

Мемлекеттік органда заң қызметі болмаған жағдайда, анықтама-негіздемеге осы нормативтік құқықтық актіні өзірлеген тиісті құрылымдық бөлімшениң басшысы, ол болмаған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімшеле басшысының міндетін атқарушы адам қол қояды.

Жергілікті органда заң қызметі болмаған жағдайда, анықтама-негіздемеге осы актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған органда заңгер функциясын орындайтын адам не жергілікті органның бірінші басшысы, ол болмаған жағдайда жергілікті органның бірінші басшысының міндетін атқарушы адам қол қояды.

6. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – сараптамалық қорытындыны,

сондай-ақ қоғамдық кеңес ұсынымдарды орталық және мемлекеттік орган белгілеген мерзімде ұсынбаған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертулерсіз келісілді деп есептеледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптамалық қорытындыны ұсыну үшін әзірлеуші орган белгілейтін мерзім жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына түсken кезінен бастап он жұмыс күнінен кем болмайды.

7. Нормативтік құқықтық актіні қабылдаған орган Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және (немесе) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындысымен, сондай-ақ қоғамдық кеңестің ұсынымдарымен келіспеген жағдайда, нормативтік құқықтық актіге келіспеу себептерінің негізdemелері бар хатты (жауапты) қоса береді.

8. Орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді Павлодар облысының Әділет департаменті құжаттар түсken күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Бірлескен нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды не тоқтатыла түрді деп оларды бірлесе қабылдаған орталық немесе жергілікті мемлекеттік органдар таниды.

Бұл тәртіп өзге мемлекеттік органдармен келісу бойынша қабылданған актілерге де қолданылады.

Осы Уақытша қағидалардың 9-тармағында көзделген кезеңдердің өтуі кезінде осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдер тоқтатыла түрмайды.

9. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу рәсімі мынадай төрт кезеңді қамтиды:

бірінші кезең – сегіз жұмыс күні ішінде актіде құқық нормасының болуы түрғысынан заң сараптамасын жүргізу және оны мемлекеттік тіркеу қажеттігі туралы шешім қабылдау, нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін айқындау болып табылады;

Бірінші кезеңнің нәтижелері бойынша орталық немесе жергілікті мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдау туралы хабарламаны не жоюға болатын ескертулердің болуы туралы электрондық құжат нысанындағы хатты МОИП не мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы хатты жіберу;

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдау туралы хабарлама жіберілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі не Павлодар облысының Әділет департаменті екі жұмыс күні ішінде үшінші кезеңнің екінші бөлігінде және төртінші кезеңде көзделген рәсімдерді өткізеді;

екінші кезең – орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жоюға болатын ескертулердің болуы туралы электрондық құжат нысанындағы хат МОИП арқылы келіп түсken кезден бастап төрт жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің не Павлодар облысы Әдіlet департаментінің ескертулерін жояды, оның қорытындылары бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдар ескертулерді ескере отырып пысықталған, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған *doc немесе *docx форматындағы электрондық құжат нысанындағы нормативтік құқықтық актіні қазақ және орыс тілдерінде ілеспе хатпен МОИП арқылы Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігіне немесе Павлодар облысының Әдіlet департаментіне енгізеді;

үшінші кезең – ескертулерді ескере отырып пысықталған нормативтік құқықтық акт МОИП арқылы қайта келіп түсken күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігіне Павлодар облысының Әдіlet департаменті ескертулердің жойылуы, сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі түрғысынан салыстыру жүргізеді.

Салыстыру нәтижелері бойынша ескертулер жойылған және нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келген жағдайда:

1) орталық мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісін мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны – Қазақстан Республикасының Әдіlet министрі немесе оның орынбасары, жергілікті мемлекеттік органның – Павлодар облысының Әдіlet департаментінің басшысы бекітеді;

2) нормативтік құқықтық акті мемлекеттік тіркеу нөмірі беріле отырып, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне автоматты түрде енгізіледі.

Ескертулер жойылмаған және нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ескертулер ескеріліп нормативтік құқықтық акті екінші кезеңде көзделген мерзімде келіп түспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігіне Павлодар облысының Әдіlet департаменті нормативтік құқықтық актіні ұсынған органға МОИП арқылы электрондық құжат нысанындағы хатпен нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тарту жібереді;

Төртінші кезең – нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытынды бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актіні ұсынған органға МОИП арқылы электрондық құжат нысанындағы хатпен нормативтік құқықтық актіге берілген мемлекеттік тіркеу нөмірімен нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытынды жіберіледі.

10. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізууді Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігі және Павлодар облысының Әдіlet департаменті жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінің нысаны "Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 1007 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14411 болып тіркелген) бекітілген.

11. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылған нормативтік құқықтық актіні пысықтау мақсатында әзірлеуші мемлекеттік орган өз бастамасымен МОИП арқылы мемлекеттік тіркеуден қайтарып алуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден қайтарып алу бұл туралы тиісті хат келіп түскен құннен бастап екі жұмыс құні ішінде МОИП арқылы жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық актіні қайтарып алу туралы хатты алған құннен бастап құнтізбелік он бес қүн ішінде орталық немесе жергілікті мемлекеттік органның басшысы не ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам нормативтік құқықтық актінің күшін жою туралы акт қабылдайды және оның көшірмесін электрондық құжат нысанында МОИП арқылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе Павлодар облысының Әділет департаментіне жібереді.